№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# «1наурыз - Алғыс айту күні» іс-шаралары

2023-2024 оқу жылы

| | |
|---|---|
| **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ** | **КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ КЕЛЕССКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ** |

**БҰЙРЫҚ** №59 **ПРИКАЗ**

**ҚАРАТАЛ АУЫЛЫ** **«26» «02» 2024 ЖЫЛ**

**«1 Наурыз- Алғыс айту күні» іс-шарасын өткізу туралы**

Келес ауданы білім бөлімінің 20.02.2024 жылғы №240 шығыс хатын негізге ала отырып

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте **«1 Наурыз- Алғыс айту күні»** мерекесі ұйымдастырылып, өткізілсін.

2. **«1 Наурыз- Алғыс айту күні»** мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты 2 наурыз күнінен кешіктірмей мектептің Facebook парақшасына жарияланып және дәлелдемелері (фото,видео, сілтеме, бұйрық көшермелерін) **duisebek_86@ mail.ru** электронды почтасына жіберілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаеваға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Г.Бекжанова**

"Бекітемін"
Мектеп директоры:
_______ Г. Бекжанова

# №52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебі « 1 наурыз – Алғыс айту күні» мерекесіне арналған іс-шаралар

# ЖОСПАРЫ

| № | Атқарылатын іс-шара мазмұны | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | «Тарих ғибраты» тақырыбында дөңгелек үстел, отырыстар өткізу | 23.02. 24 ж | Караманова А. |
| 2 | «Алғыс айту – парызым!» тақырыбында эссе байқауы | 26.02.24 ж | Сейтжанова А. |
| 3 | «Халықтың алғысы – Ұлы марапат»тақырыбында құттықтаулар | 27.02.24 ж | Парламент мүшелері |
| 4 | «Халықтың алғысы – Ұлы марапат»тақырыбында ашық сабақ,сынып сағаттарын өткізу | 26.02.24ж | Таскулова А.<br>Елеуова А.<br>Дюсенова Ж. |
| 5 | Қазақтың ұлттық ойындары (асық ату, тоғызқұмалақ, қазақша күрес) түрлі сайыстар өткізу | 01.03.24 ж | Жақып Ж.<br>Құрбанбеков Е. |
| 6 | 1наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне арналған «Үлкенге құрмет- Кішіге ізет» тақырыбында концерт | 01.03.24 ж | Кузенбаева М.<br>Анарқұл Ш.<br>Сынып жетекшілер |
| 7 | Тазалық,ағаш көшеттерін отырғызу, мектеп ауласына гүл егу, абаттандыру жұмыстарын жүргізу | 02.03.24 ж | Кузенбаева М.<br>Анарқұл Ш.<br>Сынып жетекшілер |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары : М. Кузенбаева

1 - жүргізуші: Қайырлы күн, қымбатты ұстаздар мен оқушылар!
2 - жүргізуші: "Алғыс айту - парызым!" атты ризашылық күніне арналған мерекелік концертімізге қош келдіңіздер!

1 - жүргізуші: Талайлы тағдырлардың басын өз шаңырағының астына біріктіріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай, қамқорлығына алған Қазақстанда адамның адамға құрмет көрсететін күні де белгіленді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев барлық ұлттың бір - біріне және қазақтарға алғыс айту күнін бекітті.

2 - жүргізуші: Осылайша, 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды «Алғыс айту күні»-деп жариялады. Тұңғыш рет Алғыс айту күні деп жариялау туралы № 173 Жарлыққа қол қойды.

2 - жүргізуші:
Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!
Шәкіртке шыңдай биік алыпсыздар.
Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,
Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.

1 - жүргізуші:
Ұстаз болу аса маңызды және өте қиын мамандық, өйткені ұстаз білім ғана беріп қоймайды. Ұстаз баланы болашақ үлкен өмірге дайындап қажетті кеңестермен сусындатады.

2 - жүргізуші: Иә, мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап білімнің кәусар бұлағынан сусындататын асыл жандар - аяулы ұстаздар туралы қанша мақтау сөздер айтсақ та тауыса алмаспыз.

1 - жүргізуші: Құрметті ұстаздар, мектеп оқушыларының атынан көрсеткен қамқорлықтарыңыз бен аялы алақан, жылы лебіздеріңіз үшін басымызды иіп, рақметімізді айтамыз. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз. Дей келе 5сынып оқушыларының Түркінің тамшы жаңбыры биін қабыл алыңыздар

1 - жүргізуші:
Өнерпаздар жарысып сан - салалы,
Жиын десе, той десе ән салады.
Ұлағатты ұстаздардың құрметіне,
Әуелеген әсем ән жолданады - дей келе 6 сынып оқущыларының Ұстаз ана хорын қабыл алыңыздар

2 - жүргізуші Айнұр: Алғыс - адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс – әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беру.
Ризашылық – адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезім. Отбасының басты қызығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың берекелі боп өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Халық мақалында «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деп табиғаттың

тамаша құбылысына теңеген екен. Әке – ұрпақ иесі, панасы, үй басшысы. Жеті атадан санағанда екінші ұрпақ. Әке – бала үшін шыңы биік асқар тау.

Әке туралы Нұрділдә Назеркенің әнін қабыл алыңыздар
2 - жүргізуші:
Қайран ана, өз перзентін әдемі не ұсқынсыз, ақылды не ақымақ, мейірімді не рақымсыз, кесір - қырсық болса да бәрібір шексіз сүйеді. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы басын басатын ештеңе жоқ. Өйткені ананың көз жасы өзінің киесімен ауыр. Алайда «Ананың көңілі - балада, баланың көңілі - далада» демекші, өзінің перзенттік борышын ұмытқан, сөйтіп ата - анасын сыйламайтын адамдарды да өмірден кездестіруге болады. Ана - тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Анасы жоқ балалар да аз емес. Олар ананың мейірімін, аялағанын ешқашан сезген емес. Ендеше, анамызды сыйлап, құрметтейікші!

4сынып оқушысы Сайдулла Жансаяның орындауында Ана әнін қабыл алыңыздар

2 - жүргізуші: Қазақ қызы күлімдер күн көзіндей,
Дөңгеленіп билейді ай жүзіндей.
Жұлдыздардай өрнекті аспандағы,
Биші қыздар бұрала билейді би.

Би 8 сынып биші қыздары

2 - жүргізуші:
Құлақтан кіріп бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй
Көңілге түрлі ой салар
Әнді сүйсең, менше сүй - деп, келесі кезекті әнге береміз 7 сынып оқушыларының орындауында Алғыс әні

1 - жүргізуші:
Бүгінгі күн — нұрлы күн,
Жарық шашқан әлемге.
Ескеретін күн бүгін -
Ризашылық қой әр елде - дей келе, енді 5 - сынып оқушыларының алғыс өлеңдеріне кезек берелік.

1 - жүргізуші:
Бірлігі мен ынтымағы халықтың,
Көгімізде жарқырайды жарық күн,
Ырыс, дәулет, бақыт үшін халықтың,
Жайнай берсін, жайнай берсін жарық күн!

7 сынып би

1 - жүргізуші:
Көңіліміз әсем әнге бір толсын,
Халқымызға қыдыр дарып, бақ қонсын.
Көңіл қойып тыңдаңыз көрермендер,
Есте қалар кештердің бірі болсын – 9 сынып ән

1 - жүргізуші:
Құрметті оқушылар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңізді ешкімнен ешқашан аямаңыздар, «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңыздар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын естеріңде сақтаңыздар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңіздер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңыздар.

2 - жүргізуші:
Осымен «Алғысым шексіз!» атты Ризашылық күніне арналған мерекелік концертімізді аяқтаймыз, келіп тамашалағандарыңыз үшін көп - көп рахмет!

1 - жүргізуші:
Демеңіз біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.
Қош болып тұрыңыздар көріскенше,
Осымен концертіміз аяқталды.

2 - жүргізуші:
Еңбегіңіз еленіп жанып жатыр,
Қалаулы деп халқыңыз танып жатыр.
Тарқамасын қызықтың шағы қызған,
Арта берсін бақ артып бағыңыздан.
Құрметпенен ұсындық сізге сөзді,
Ақтарылып көріңіз ағыңыздан,- деп сөз кезегін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кузенбаева Мадина апайға береміз.

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 1 наурыз –Алғыс айту кү**

| № | Тақырыбы | Мәлімет | Фото дәлелдемелері |
|---|---|---|---|
| 1 | «Тарих ғибраты» тақырыбында дөңгелек үстел | Келес ауданы білім бөліміне қарасты №52 С. Бегалин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1 наурыз - Алғыс күніне орай іс - шаралар өтілуде,соның ішінде "Тарих ғибраты"тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді<br><br>7 сынып жетекшісі<br>А. Қараманова | <br> |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | «Алғыс айту-парызым» эссе жазу байкауы | Келес ауданы білім бөліміне қарасты №52 С. Бегалин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1 наурыз - Алғыс күніне казак тілі пәні мұғалімі А. Сейітжанова 8-9 сынып оқушыларына «Алғыс айту-парызым» тқырыбында эссе жазу байқауын ұйымдастырды |  |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | «Халықтың алғысы-Ұлы марапат» тақырыбында ашық сабақ | Келес ауданы білім бөліміне қарасты №52 С. Бегалин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1 наурыз - Алғыс күніне орай ашық тәрбие сағаттары өтілді.<br><br>2 сынып<br>" Адал еңбек , алғысым ұстазыма " А. Елеуова<br><br>4 сынып<br>" Алғыс айту парызым" К. Ирисбекова |  |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Қазақтың ұлттық ойындары (асықату, тоғызқұмалақ, қазақша күрес т.б) | Келес ауданы білім бөліміне қарасты №52 С. Бегалин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1 наурыз - Алғыс күніне орай іс - шаралар өтілуде,соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары асық ату, қазақша күрес, арқан тарту, тоғызқұмалақ сайыстар өткізді.<br><br>Дене шынықтыру пәні мұғалімдері<br>Е. Құрбанбеков, Ж. Жақып |  |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | "Алғыс айту - парызым" тақырыбында құттықтаулар. | Келес ауданы білім бөліміне қарасты №52 С. Бегалин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1 наурыз - Алғыс күніне орай өзін-өзі басқару ұйымы алғыстарын білдірді.<br><br>Тәлімгер Анарқұл Ш |  |







| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Қазақтың ұлттық ойындары (асықату, тоғызқұмалақ, қазақша күрек т.б) | Келес ауданы білім бөліміне қарасты №52 С. Бегалин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1 наурыз - Алғыс күніне орай іс - шаралар өтілуде.соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары асық ату, қазақша күрес, арқан тарту, тоғызқұмалақ сайыстар өткізді.<br><br>Дене шынықтыру пәні мұғалімдері<br>Е. Құрбанбеков, Ж. Жақып |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | 1-наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне арналған «Үлкенге құрмет-Кішіге ізет» тақырыбында іс-шара | Келес ауданы білім бөліміне қарасты №52 С. Бегалин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1 наурыз - Алғыс күніне орай іс - шаралар өтілуде.соның ішінде "Үлкенге құрмет-Кішіге ізет"тақырыбында іс-шара өткізілді .<br><br>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева<br><br>Тәлімгер Ш. Аварқұл |  | https://www.facebook.com/share/p/fZGfFSeYpF2s9js6/?mibextid=oFDknk |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Тазалық, ағаш көшеттерін отырғызу, мектеп ауласына гүл егу, абаттандыру жұмыстарын жүргізу | Мектеп ауласына гүл егу, абаттандыру жұмыстары жүргізілді<br><br>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева<br><br>Тәлімгер Ш. Анарқұл |  | https://www.facebook.com/share/v/Sz6dWuYKWMzeGgoA/?mibextid=oFDknk |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М. Кузенбаева
Тәлімгер: Ш. Анарқұл

Тексерілді

№52 С.Бегалин жалпы орта мектебі

# «Алғыс айту-парызым»

Педагог:Дюсенова Ж.

2023-2024 оқу жылы


Алгыс айтуу-парызым
НЕЙРО ЖАТТЫГУ
АЛГЫСЫ


Алғыс айту-парызым
Алғыс

Бекітемін
Дир

**№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Тәрбие сағаты:**

# «Алғыс айту парызым»

5- сынып жетекшісі: Таскулова А

**2023-2024 оқу жылы**





